

2023 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 812 қаулысы. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан екі пайыз мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квота осы қаулының № 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан екі пайыз мөлшерінде пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квота, осы қаулының № 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квота осы қаулының № 3 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. "Жаңақорған ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

М. Тлеумбетов

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "18" қарашадағы

№ 812 қаулысына

№ 1 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Аман ата" шаруа қожалығы	10	2	1
2	"Самат" шаруа қожалығы	10	2	1

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "18" қарашадағы

№ 812 қаулысына № 2 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Самат" шаруа қожалығы	10	2	1
2	"Әділет-Д" шаруа қожалығы	10	2	1
3	"Ади" дара кәсіпкерлігі	12	2	1
4	"Аман-ата" шаруа қожалығы	10	2	1
5	"Бекжігіт-1" шаруа қожалығы	5	2	1
6	"Даму-М" шаруа қожалығы	5	2	1

7	"Нұрбол-И" шаруа қожалығы	6	2	1
8	"Ералбек" шаруа қожалығы	6	2	1

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 812 қаулысына № 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің Н. Илялетдинов атындағы № 169 жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	159	1	1